

"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 953 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 желтоқсанда № 6062 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2017 жылғы 13 қарашадағы №03-04-1395 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4539 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2013 жылғы 23 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қызылорда облысында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы";

аталған қаулының 1- тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақ белгіленсін.";

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі Агроөнеркәсіптік

кешендегі мемлекеттік

инспекция комитетінің
Қызылорда облыстық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ Е. Бекжанов
2017 жылғы "24" қараша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы "24"
қарашадағы № 953 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы "23"
қазандағы № 334 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантинді аймақ

№	Аудандар мен қала атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған қызғылт) кекіре	(арам сояулар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауын шыбыны
1.	Арал ауданы	279,5	260	5,5	14	
2.	Қазалы ауданы	3888	2964	707	17	200
3.	Қармақшы ауданы	2669,3	1403	1118,3	8	140
4.	Жалағаш ауданы	5950,2	4497	1286,2	17	150
5.	Сырдария ауданы	5510,5	3197	2047,5	18	248
6.	Шиелі ауданы	6330	3861	1837	12	620
7.	Жаңақорған ауданы	2930	1646	749	25	510
8.	Қызылорда қаласы	2603,5	2293	260,5	18	32
Барлығы		30161	20121	8011	129	1900